

«6D050600 - Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Адилханов Олжас Шайзандаевичтың «Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі экспортын әртараптандыру: теориясы, бағалау және даму сценарийі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына <i>сәйкес</i> келеді және бүгінгі таңдағы өзекті тақырып. Қазақстан Республикасының <i>мемлекеттік бағдарламаларымен сәйкес</i>.</p> <p>1. Диссертация ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Экономика институтында 2018-2020 жылдар аралығында BR05236639 «Қазақстанның үшінші технологиялық жаңғырту негізіндегі ғылыми сыйымды экономикаға бастар жолы: стратегиясы, дамыту модельдері мен тетіктері» атты бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бағдарламасы аясында орындалған.</p> <p>2. Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 тамыздағы №511 қаулысымен бекітілген «<i>Ұлттық экспорттық стратегия</i>» бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1050 қаулысымен бекітілген «<i>Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 мемлекеттік бағдарламасымен</i>» байланысты.</p> <p>3. ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытарының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <i>қосады</i> , оның маңыздылығы <i>ашылған</i> . Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік мәні бар. Экспортты әртараптандыру мүмкіндігін бағалаудың кешенді интегралды әдістемесі ұсынылған. Бұл әдістемені барша зерттеушілерге пайдаланып көруге ұсынады. Әсіресе өңдеу салаларының экспорттық көрсеткіштерімен қолдану маңызды. Сонымен қатар «экспортты әртараптандыру» терминіне автор өзіндік көзқарас берген. Экспортты әртараптандыру тақырыбы қазіргі күні қызу талқыға түсіп жатқан тақырыптардың бірі. Өйткені қазіргі геосаяси шиеленістер, экономикалық дағдарыс, әлемдік пандемияның салдары біршама

			сауда кедергілерін туғызды. Қазақстан да өз экспортын арттыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар қабылдап, көптеген іс-шаралар атқаруда. Дегенмен әлі де жасалуы тиіс шаралар көп. Докторанттың диссертация жұмысының нәтижелері осы бағытта пайдалы болады деген ойдамын.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары	Диссертациялық жұмысты орындау барысында докторант өзі жазу принципін сақтаған. 50-ден аса халықаралық беделді басылымдардағы ғылыми еңбектерді саралаған. Бірізділік қағидасын сақтай отырып зерттеуді жүйелі жүргізген. Екі-үш жерде сөйлем келер шақпен жазылған. Олардың өткен шақпен жазылғаны (есептеледі – есептелді, жасалады – жасалды) дұрыс болар еді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген	Диссертация тақырыбы теориялық және практикалық тұрғыда өзектілігі жоғары. 2016 жылғы Қазақстандық экспорттың минималды деңгейге дейін төмендеуі бұл мәселені жылдам әрі оңтайлы шешу қажеттілігін көрсетті. Содан бері аталған тақырыпқа байлынысты үш мемлекеттік бағдарлама қабылданды. 2017 жылғы «Ұлттық экспорттық стратегия» бағдарламасы, 2019 жылғы «Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамытудың 2020-2025 мемлекеттік бағдарламасы» және 2022 жылғы «Елішілік құндылықты және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту» бағдарламаларының негізгі мақсаттары осы өңдеу өнеркәсібі экспортын арттыру болып табылады. Сондықтан Қазақстанның экспортын әртараптандыру мәселелерін зерттеу өзекті.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келеді және экспортты әртараптандыруға бағытталған жұмыстың мазмұнын айқындайды. Диссертациялық жұмыс үш бөлімнен және әрбір бөлім үш тараудан тұрады. Барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының мақсатына қол жеткізу және міндеттерін орындауға бағытталып құрылған. Бірінші бөлімде тақырыптың теориялық негіздері, екінші бөлімде талдау және бағалау жүргізілген, үшінші бөлімде өңдеу өнеркәсібі экспортының даму сценарийі мен оны жүзеге асыру тетіктері, ұсыныстары берілген.

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді</p>	<p>Жұмыстың мақсатына жету үшін қойылған міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Ол міндеттер экспортты әртараптандыру ұғымы авторлық көзқараспен толықтыруды, экспортты әртараптандыру мүмкіндігін бағалау әдістемесін ұсынуды, экспортты әртараптандыру мүмкіндігін бағалаудың авторлық әдістемесін қолдана отырып ҚР аймақтарында өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуетін талдауды, өңдеу өнеркәсібі экспортының даму сценариін және іске асыру тетіктерін қамтиды.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Әдебиеттерді шолу негізінде жұмыстың мақсаты мен міндеттері айқындалып, оларды шешу жолдары мен әдістері диссертацияда көрсетілген. Жұмыс нәтижелері бойынша қорытындылар жасалып, жұмыстың жаңалығы негізделген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жаңа шешімдер бар және сыни талдаулар да кездеседі. Теориялық бөлімде экспортты әртараптандыру ұғымына көптеген авторлардың пікірін салыстырады, әдістемелерді зерделейді, шетелдік тәжірибелерді сыни талдайды. Екінші бөлімде статистикалық көрсеткіштерді базалық жылға және өткен жылға салыстыра отырып талдайды. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бағдарламалармен байланысты болғандықтан ИИДМБ-3 бағдарламасының нәтижелерін көбірек сыни талдаған жағдайда жұмыстың маңыздылығы одан әрі артар еді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Ізденуші зерттеу нәтижесінде 10 қорытынды жасай отырып, олардан 5 қағидат қорғауға шығарған. Аталған 5 қағидатты толығымен жаңа деп бағалауға болады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, олардың жаңалық дәрежесі ғылыми журналдарда жарияланған басылымдармен дәлелденген. Автор зерттеуді сапалы жүргізу нәтижесінде теориялық және тәжірибелік маңызы бар қорытындылар жасай алған. Әрбір қорытындының дәйекті негіздемесі бар. Бұл жасалған қорытындыларды іс жүзінде пайдалануды маңызы зор. Докторант Қазақстанның аймақтарында өңдеу өнеркәсібінің экспортын арттыруға мүмкіндігінің бар екенін көрсеткен.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жаңа және негізделген. Ізденуші зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы өңдеу өнеркәсібі экспортын арттыру бойынша жаңа тың ұсыныстар берген. 3.1 бөлім көбіне сипаттаушылық сипатта жазылған, осы бөлімде институционалдық жаңа механизмдерін көбірек көрсеткенде жөн болар еді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Олар ғылыми басылымдар, статистикалық бағдарламалар, ақпараттық ресурстарды зерделеп, сараптай отырып ізденуші тарапынан жасалған. Бірінші бөлімде халықаралық беделді басылымдарға, статистикалық агенттіктерге сүйене отырып өзінің көзқарасын берген. Екінші бөлім қорытындылары статистикалық мәліметтер негізінде жасалған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, жарияланымдарда негізделген және тек оқу үрдісінде ғана емес, сонымен қатар бейінді министрліктер мен жергілікті атқарушы органдардың жұмысында да қолданыла алады.</p> <p>1 - қағидат. «Экспортты әртаратандыру» түсінігіне авторлық көзқарас анықтамасы: экспортты әртаратандыру – шикізат экспортын төмендете отырып неғұрлым қосылған құны бар өңдеу өнеркәсібі экспортын арттыру, яғни экспортқа шығатын өнімдер үлесін оңтайландыру арқылы экспорттық түсімді тұрақтандыру, экономикалық өсімді қамтамасыз ету.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді. Диссертацияда автор «Экспортты әртаратандыру» түсінігіне өзіндік көзқарасын ұсынды.</p> <p>7.2 Қағидат тривиалды емес, себебі ғылыми алынған нәтижелер өзекті және ғылыми жаңалығы бар.</p> <p>7.3 Қағидат жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген. Алынған нәтиже Scopus (процентиль 65) базасына кіретін «Rivista di Studi sulla Sostenibilita». 2020, (2), P.49–63 журналында «Evaluation of export diversification on sustainable growth in Kazakhstan» тақырыбында жарияланған.</p>

	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p>	<p>2 - қағидат. Индекстік әдістемелерді модификациялау арқылы әзірленген экспортты әртараптандыру дәрежесін бағалаудың авторлық кешенді интегралды индекстік әдестемесі.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді. Автор 7 тәсілді зерделей келе 3 индексден құралған экспортты әртараптандыру мүмкіндігін бағалайтын интегралды индекстік әдістеме ұсынған.</p> <p>7.2 Қағидат тривиалды емес, себебі ғылыми алынған нәтижелер өзекті және ғылыми жаңалығы бар.</p> <p>7.3 Қағидат жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген. Алынған нәтиже Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған «Экономика: стратегия и практика» №1 (15). 2020 ж. – Б.25-37 журналында «Қазақстанда экспортты әртараптандыруды бағалау» тақырыбында жарияланған.</p> <p>3 - қағидат. Ұсынылған әдістемені сынақтан өткізу (апробация) арқылы Қазақстан Республикасы аймақтар мысалында өңдеу өнеркәсібі саласының экспортын әртараптандыру мүмкіндіктері деңгейінің рейтингі.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді. Диссертацияда Қазақстан Республикасы аймақтарының өңдеу өнеркәсібі экспортын әртараптандыру мүмкіндіктері бағаланып, рейтингі құрылған.</p> <p>7.2 Қағидат тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидат жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген. Алынған нәтиже ҒЖБССҚК ұсынған «Экономика: стратегия и практика». ISBN 1997-9967 №1 (14) 2019. – Б.181-193. журналында «Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі экспортын талдау» атты мақалада жарияланған.</p> <p>4 - қағидат. Қазақстан Республикасы өңдеу өнеркәсібі экспортының 2025</p>
--	---	--

		<p>1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;</p>	<p>жылға дейінгі дамуының интервалды болжамы.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді. Диссертацияда автор өңдеу өнеркәсібінің мүмкін болатын 4 интервалды болжамын әзірлеген. 7.2 Қағидат тривиалды емес. 7.3 Қағидат жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада жарияланбаған.</p> <p>5 - қағидат. Өңдеу өнеркәсібі экспортының мүмкін болатын сценариін жүзеге асыру тетіктері және ұсыныстар.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді. Автор диссертацияда 4 блокка бөлінген тетіктерді ұсынады. 7.2 Қағидат тривиалды емес, алынған нәтижелер өзекті және ғылыми жаңалығы бар. 7.3 Қағидат жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада дәлелденген. Алынған нәтиже Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігі және әлеуметтік тұрақтылық стратегиясы. ҚР ҰҒА академигі А.Сатыбалдинның редакциялауымен. Алматы қ. ҚР БҒМ ҒК Экономика институты. 2019, - 740с – - Б. 168-181. Ұжымдық монографияның «Өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуетін дамыту бағыттары мен тетіктері» атты 4 – тарауында жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындауда зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін таңдалған әдістеме мен қолданылатын әдістер дұрыс таңдалған және ғылыми негізделген. Зерттеуде салыстырмалы талдау, сыни талдау, индекстік өлшеу т.б. әдістер кездеседі.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Ізденуші зерттеу жұмысында көбіне Microsoft Excel бағдарламасын пайдаланған.</p>

		<p>пайдалана отырып алынған: 1) ия</p>	
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия</p>	<p>Жұмыс қорытындылары мен анықталған заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Ізденуші зерттеу қорытындылары BR05236639 «Қазақстанның үшінші технологиялық жаңғырту негізіндегі ғылыми сыйымды экономикаға бастар жолы: стратегиясы, дамыту модельдері мен тетіктері» атты бағдарламасының «Қазақстанның жоғары технологиялық экспортын әртараптандыру және өсіру: тетіктері мен басымдықтары» тарауында пайдаланғаны туралы енгізу актісін ұсынып отыр.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p>	<p>Жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті</p>	<p>Диссертациялық жұмыста 82 дерек көзі пайдаланылған, яғни пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жалпы зерттеу нәтижелері жоғарғы оқу орындарында «Макроэкономика», «Аймақтық экономика» пәндерін оқытуда қажетті құрал болып табылады және «экспортты әртараптандыру» мәселесімен айналысып жүрген зерттеушілерге де пайдалы болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада кең қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері макроэкономикалық мәселелерді шешуге бағытталған. Сондықтан мұндағы ұсыныстарды іске асыру министрлік деңгейінде. Атап айтқанда Қазақстандық экспортты ілгерілетуге жауапты Сауда және интеграция министрлігіне, аймақтарда облыстық әкімшіліктерге экспорттық саясатты жүргізуде оңтайлы шешімдер қабылдау үшін қолдануға ұсынылған. Жалпы жұмыстың практикалық маңыздылығы өте жоғары.</p>

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа	Ізденуші қазіргі отандық өндеу өнеркәсібі өнімдерін экспорттаушыларында кездесетін кедергілерді төмендете отырып, оларды мемлекеттік қолдаудың 4 блокка бөлінген әртүрлі ұсынған тетіктері практикалық тұрғыдан толығымен жаңа болып табылады
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары	Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде жоғары деңгейде жазылған. Академиялық жазу сапасы жоғары, түсінікті ғылыми тілде жазылған. PhD диссертациясына қойылатын негізгі талаптарға сай рәсімделген.

Адилханов Олжас Шайзандаевич «Қазақстан Республикасының өндеу өнеркәсібі экспортын әртарапандыру: теориясы, бағалау және даму сценарии» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында өндеу өнеркәсібі экспортының мүмкін болатын сценарийін жүзеге асыру тетіктерін ұсынғаны үшін «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынылады.

Ресми рецензент:

Экономика ғылымдарының кандидаты,

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті,

Менеджмент кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент)



Наренова А.Н.

